

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

(өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылар
үшін құқықтық сұрақтар және жауаптар)



Нұр-Сұлтан, 2021

Құрастырушылар:

Шкрептун Михаил Сергеевич – заңгер, кеңесші заңгер, Қазақстандық консультанттарының палатысының мүшесі, Қазақстан заңгерлерінің одағы мүшесі.

Семененко Наталья Николаевна – жоғары білікті психолог, ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын жаңарту жөніндегі жұмыс тобының мүшесі.

Полякова Варвара Викторовна – психолог, «Өмірдің қиын жағдайына тап болған балалы отбасыларды қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асырау» жобасының үйлестірушісі.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНҒАН.	5
2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	7
3. СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР	9
ҚОРЫТЫНДЫ	23

КІРІСПЕ

Әдістемелік құрал өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасыларға және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және тұрғын үй мәселелерін шешу, еңбек қызметі, отбасылық қатынастар, алимент және басқа да құқықтық сипаттағы мәселелер бойынша заңнама аясында жауап табуға мүмкіндік беретін заңгерлік көмек алуға мұқтаж отбасыларға арналған.

Құралда әрбір мәселе бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып жауап берілетін болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарында және соттарда өзін-өзі қорғауға, сауатты түрде өтініштер, талап арыздар, шағымдар, талап арызға жауап және басқа да құқықтық сипаттағы құжаттар жасауға, соттарда өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретін ұсынымдар берілетін болады, бұл өз кезегінде ақша қаражатын, арнайы құқықтану мамандығы бойынша кәсіби білімі бар адвокат, кеңесші заңгер іздеуге уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Егер азаматтар өмірдің қиын жағдайына тап болғанда өзбетінше өз құқықтарын және мүдделерін қорғау үшін осы әдістемелік құралға сүйене отырып, «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесін, eGov.kz электронды үкімет порталын, Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезесін, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің атқарушылық іс-жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолдана алады.

Әдістемелік құрал «Өмірдің қиын жағдайына тап болған балалы отбасыларды қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру» жобасы шеңберінде әзірленген және жобаны іске асыру үшін Instagram-да @ kz_happy_family https://instagram.com/kz_happy_family?utm_medium=copy_link ресми парақшасы құрылған, авторлық құқықты сақтау үшін суреттер @ kz_happy_family ресми парақшасынан алынды.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНҒАН.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) №268 – XIII 27 желтоқсан 1994 жыл.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.

6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі.

7. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

8. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

10. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі №231 - V ҚРЗ.

11. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке тқленетін басқада міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексі. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120 -VI ҚРЗ.

12. Қазақстан Республикасы «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы. 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV.

13. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 246 Заңы.

14. «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуіріндегі №88 -V Заңы.

15. «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 13 сәуіріндегі №39 Заңы.

16. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуіріндегі N 94 Заңы.

17. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ.

18. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

19. «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.

20. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтарындағы № 401-IV Заңы.

21. «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы.

22. «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысы.

23. «Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы N 330 Қаулысы.

24. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 Қаулысы.

25. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 Қаулысы.

26. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу және кепілдедік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы.

27. «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығы.

28. «Әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 14 тамыздағы № 350 бұйрығы.

29. «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығы.

30. «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығы.

31. «Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысы.

32. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы.

33. «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 Нормативтік қаулысы.

34. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы

29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы.

35. «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуір N 5 нормативтік қаулысы.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Ұғымдар:

1) алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат;

2) Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын орталық атқарушы орган;

3) қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

4) қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

5) қорғаншы немесе қамқоршы - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға;

6) неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ;

7) неке (ерлі-зайыптылық) жасы – осы Кодексте белгіленген, адамның некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) құқығына жеткендегі жасы;

8) туыстар – үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы адамдар;

9) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

10) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

11) отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

12) көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы;

13) отбасылық жағдай – некеде (ерлі-зайыпты) болу не болмау немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, жесірлік, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы;

14) әлеуметтік қызметкер - арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін және (немесе) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуде қажеттілікті бағалауды және анықтауды жүзеге асыратын, бекітілген талаптарға сәйкес келетін қажетті мамандыққа ие қызметкер;

15) арнаулы әлеуметтік қызметтер - өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

16) өмірлік қиын жағдай - адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын, осы Заңда көзделген негіздер бойынша танылған ахуал;

17) мүгедек – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

18) мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

19) мүгедектерді әлеуметтік оңалту - мүгедектердің тіршілік-тынысының шектелуін жеңіп шығуы үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

20) мүгедектерді әлеуметтік қорғау - мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралар кешені;

21) мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арналған арнаулы жұмыс орындары - мүгедектің жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған жұмыс орындары;

22) мүгедектерді кәсіптік оңалту - мүгедектердің бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын алуына немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

23) толық емес отбасы - ажырасқан, жесір ата-ананың біреуі тәрбиелейтін отбасы;

24) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме);

25) тұрғын үй сертификаты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны;

2. Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да ұғымдары мен терминдері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде пайдаланылады.

3. СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР

№ 1 сұрақ

Отбасы, неке қандай қандармен қорғалған?

Жауап

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 27 баптың 1,2,3 тармақтарына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық, Қылмыстық кодексінің, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің қорғауында болады.

№ 2 сұрақ

Сот тәртібімен кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттің қандай мөлшері белгіленген?

Жауап

«Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабына сәйкес-алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға алиментті олардың ата - аналарынан ай сайын: бір балаға - ата - анасының жалақысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бірі, екі балаға-үштен бірі, үш және одан да көп балаға-жартысы мөлшерінде өндіріп алады.

Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып азайтуы немесе ұлғайтуы мүмкін.

№ 3 сұрақ

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағу тәртібін және нысанын дербес айқындауға құқылы ма?

Жауап

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 138 бабына сәйкес Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы.

Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны



бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

№ 4 сұрақ

Тұрғын үй беру үшін кезекке тұруға республикалық маңызы бар қалаларда, астанада қанша жыл тұру қажет?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 67 – бабына сәйкес - Қазақстан Республикасының азаматтарын республикалық маңызы бар қалаларда, астанада есепке қою үшін кемінде үш жыл тұрақты тұруы талап етіледі.

№ 5 сұрақ

Тұрғын үй сертификаты дегеніміз не және ол кімдерге беріледі?

Жауап:

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 2-бабының 44-1 тармағына сәйкес - Тұрғын үй сертификаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бастапқы тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны.

№ 6 сұрақ

Қазақстан Республикасының қандай азаматтары халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жатады?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына: Ұлы Отан соғысының ардагерлері; жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер; басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері; 1 және 2 топтағы мүгедектер; мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар; жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер; кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;



қандастар; экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар; мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары; толық емес отбасылар жатады.

№ 7 сұрақ

Балаға және оның ата-анасына әдепсіз сөздермен сөйлеп кемсіткені, қорлағаны үшін жаза қарастырылған ба?

Жауап

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131-бабына сәйкес қорлау үшін келесідей жазаланады:

1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

Сондықтанда балаға және оның ата-анасын кемсітіп, қорлауға құқығы жоқ, себебі Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген.

№ 8 сұрақ

Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін қандай жауапкершілік көзделген?

Жауап

Қорғау нұсқамасын бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықтық бұзу туралы Кодексінде белгіленген және Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу - ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады делінген.

№ 9 сұрақ

Ата-аналар өз балаларын күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуға міндетті ме?

Жауап

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 144-бабына сәйкес ата-аналардың балаларды күтіп-бағуға арналған қосымша шығыстарға қатысуы:

1. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде және ерекше жағдайлар (кәмелетке толмаған балалардың немесе көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз

кәмелетке толған балалардың ауыр науқастануы, мертігуі, оларға бөгде адамның бағып-күтуіне ақы төлеу қажеттігі және басқа да мән-жайлар) болған кезде сот осы мән-жайлардан туындаған қосымша шығыстарды көтеруге қатысуға ата-аналардың әрқайсысын тартуы мүмкін.

2. Егер ата-аналардың қосымша шығыстарды көтеруге қатыстырылу тәртібі және осы шығыстардың мөлшері екіжақты келісім бойынша айқындалмаса, онда сот ата-аналардың, басқа да балалардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, ай сайын төленуге тиісті алиментті төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

3. Сот ата-аналарды нақты шеккен қосымша шығыстарды өтеуге де, балаларды күтіп-бағуға болашақта жасалуға тиіс қосымша шығыстарды өтеуге де қатысуын міндеттеуге құқылы.

№ 10 сұрақ

Азаматтық құқықтарды бұзу жөніндегі уәкілетті органның басшысымен сөйлескен әңгіме жазылып қалады, сол жазылған әңгіме жазбаны азаматтық сот процесінде дәлел ретінде пайдалануға бола ма?

Жауап

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 78-бабының 4-тармағына сәйкес ғылыми-техникалық құралдарды жасырын пайдаланудың нәтижелері, мұндай пайдалануға заңда жол берілген және (немесе) бұл дәлелдемелер өздеріне қарсы бағытталған тарап оларды мойындаған және дау айтпаған жағдайларды қоспағанда, азаматтық сот ісін жүргізуде дәлелдемелер ретінде пайдаланылмайды.

Осыған сүйене отырып, қатысушы тұлғаларға әңгіме жазылып, бейнебақылау жүргізілетінін хабарлауды ұсынамын.

№ 11 сұрақ

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін кім алады?

Жауап

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» 2009 жылғы 14 наурыздағы N 330 Қаулысының 1-тармағына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі мына қызмет алушыларға ұсынылады:

- 1) психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балалар (бұдан әрі – балалар);
 - 2) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек балалар (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);
 - 3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектер (бұдан әрі – 18 жастан асқан адамдар);
 - 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектер (бұдан әрі – мүгедектер);
 - 5) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасауға қабілетсіз адамдар (бұдан әрі – қарттар);
 - 6) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар (бұдан әрі – үйсіз адамдар);
 - 7) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар).
- Осылайша, аталған қызмет алушылар әлеуметтік-тұрмыстық; әлеуметтік-

медициналық; әлеуметтік-психологиялық; әлеуметтік-педагогикалық; әлеуметтік-еңбек; әлеуметтік-мәдени; әлеуметтік-экономикалық; әлеуметтік-құқықтық қызметтерді қамтылады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» 2009 жылғы 14 наурыздағы N 330 Қаулысының 2-тармағы).

№ 12 сұрақ

Білім алу кезеңінде әлеуметтік көмек алу үшін қандай құжаттар қажет?

Жауап

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысының 6-тармағына сәйкес Білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмекті білім беру ұйымдары ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің еркін нысандағы жазбаша өтініші мен мынадай растайтын құжаттардың бірі болған кезде жүзеге асырады:

1) көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін – туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін – қамқоршылықты (қорғаншылықты) және патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесі;

3) мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін – мүгедектігі туралы анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесі немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның медициналық қорытындысының көшірмесі;

4) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін – өтініш берушінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтама;

5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін – алған табысы туралы анықтама (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін кірісі, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі кірістер);

6) 5-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін – оқу орнына қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі (білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқитын, сондай - ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағытының еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау шеңберінде оқитын студенттерге).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде өтініш жазу және білім беру кезеңінде әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік беретін жоғарыда аталған құжаттардың бірін қоса беру қажет.

№ 13 сұрақ

Мүгедектердің қандай құқықтары бар?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында мүгедектер:

- 1) әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға, қоғамға етене араласуға;
- 2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге;
- 3) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 4) білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекке;

6) кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға;

7) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;

8) мемлекеттік және өзге ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге;

9) мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.

Менің ойымша, Мүгедектердің құқықтары көзделген басқа да заңнамалық актілер бойынша-бұл азаматтық заңнамаға сәйкес азаматтық құқықтарды қорғау, қылмыстық және әкімшілік заңнамаға сәйкес қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау.

№ 14 сұрақ

Мүгедектерді оңалту неден тұрады?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 17-бабына сәйкес мүгедектерді оңалту -

1. Мүгедектерді оңалту организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуынан тіршілік-тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды.

2. Мүгедектерді оңалту мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.



№ 15 сұрақ

Атаулы әлеуметтік көмектің қандай түрлері бар?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 1-бабындағы 4-тармақшасына сәйкес - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет беретін көмек.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 1-бабындағы 9-тармақшасына сәйкес шартсыз ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 1-бабындағы 10-тармақшасына сәйкес шартты ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және (немесе) қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу шараларына табысы аз адамдардың (отбасылардың) міндетті қатысуы шартымен оларға ай сайынғы және (немесе) біржолғы ақшалай төлем нысанында, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарына электрондық ақшамен көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес шартсыз ақшалай көмек:

1) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызділікті және (немесе) жалғыз тұратын табысы аз адамдарға:

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына;

Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда);

бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне;



- екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты;

2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 2-бабының 5-тармағына сәйкес Шартты ақшалай көмек жалғызділікті және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдарды (отбасыларды) қоспағанда, өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға, оның ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғанға сүйене отырып, атаулы әлеуметтік көмек шартты және шартсыз деп бөлуге болады.

№16 сұрақ

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қалай жүзеге асырылады?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 3-бабына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш беру: 1. Адам (бұдан әрі – өтініш беруші) өзінің атынан немесе отбасының атынан атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуі үшін тұрғылықты жері бойынша – халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ауылдық жерлерде кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне белгіленген үлгідегі өтінішпен және сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжатпен жүгінеді.

Орталық атқарушы орган айқындайтын тізбеге сәйкес қажетті құжаттарды жинауды тұрғылықты жері бойынша – жұмыспен қамту орталығы, ауылдық жерлерде кент, ауыл, ауылдық округ әкімі мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырады.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын құжаттардың электрондық көшірмелері негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде құжаттардың электрондық көшірмелері болмаған жағдайда, өтініш беруші мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінде жоқ мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынады, ал өтініш берушіде мұндай мүмкіндік болмаған кезде тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы, ауылдық жерде – әкім тиісті мемлекеттік органға және (немесе) ұйымға жазбаша сұрау салуды ресімдейді.

2. Алынып тасталды - ҚР 2009.01.16 N 121 Заңымен.

3. Өтініш беруші ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Қазақстан Рес-

публикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен тоқсан сайын расталады.

№ 17 сұрақ

Қандай жағдайларда атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды:

1) табысы аз болып табылмайтын адамдарға (отбасыларға);

2) осы баптың 6-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан отбасыға – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай бойы;

3) алушының кінәсі бойынша бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылған және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайларда, адамға (отбасыға) – атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініш жасаудың алдындағы алты ай бойы;

4) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған мәліметтер және (немесе) анық емес құжаттар берген адамдарға (отбасыларға) – оларды ұсынған күннен бастап алты ай бойы;

5) материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша дайындалған учаскелік комиссияның қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек беруге мұқтаж емес адамдарға (отбасыларға) тағайындалмайды.

Осылайша, егер аталған негіздердің бірі болса, онда атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

№ 18 сұрақ

Мүгедектерге тұрғын үй таңдау кезінде қандай артықшылықтар беріледі?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес - Мүгедектерге ғимараттың қабаты, тұрпаты, абаттандырылу дәрежесі және тұруға қажетті басқа да жағдайлар ескеріле отырып, тұрғын үй-жайды таңдау құқығы беріледі.

№ 19 сұрақ

Мүгедектерді жұмыспен қамту қалай қамтамасыз етіледі?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабына сәйкес Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды:

1) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;

2) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.

Осылайша мүгедектер жұмыспен қамтылады.

№ 20 сұрақ

Адам және (немесе) отбасы өмірлік қиын жағдайда деп танылуына мүмкіндік беретін қандай негіздер бар?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 6-бабына сәйкес - адам (отбасы) өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер

1. Адам (отбасы) мынадай негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайда жүр деп танылуы мүмкін:

1) жетімдік;

2) ата-ана қамқорлығының болмауы;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;

4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;

6) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

12) пробація қызметінің есебінде болу.

2. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып айқындайды.

Жасалған әрекеттерге қатысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасына, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты әрекеттер, сондай-ақ адам ұрлау әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездік таныту нысандары болып табылады.

Осылайша жоғарыда көрсетілгендер адамды немесе отбасын өмірлік қиын жағдай тап болған деп тануға негіз бола алады.

№ 21 сұрақ

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының қандастарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 3-бабына сәйкес Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

№ 22 сұрақ

Какие права и обязанности есть у лица и (или) семьи, которая находится в трудной жизненной ситуации?

Жауап

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 12-бабында көрсетілген.

1. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының):

1) арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілуіне өтініш білдіруге;

2) өзінің құқықтары, міндеттері мен арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілу шарттары туралы ақпарат алуға;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізуге және оны айқындауға қатысуға;

4) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандарды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін және (немесе) ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді таңдауға;

5) арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға немесе олардан бас тартуға;

6) лауазымды адамдардың, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

7) лауазымды адамдарға немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге мәлім болған жеке сипаттағы ақпараттың құпиялылығына құқығы бар.

2. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы):

1) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті айқындау және оларды көрсету туралы шешім қабылдау үшін толық және дұрыс ақпарат беруге;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізу және оны айқындау процесіне кедергі келтірмеуге;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді осы қызметтерді көрсетуге әсер ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

№ 23 сұрақ

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес стандартты шегерімдер қандай болады және кімге қолданылады?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдер туралы (Салық Кодексі)» Кодексінің 346-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) тармақтарына сәйкес мыналар стандартты шегерімдер болып табылады:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын бір ең төмен жалақы мөлшері. Стандартты шегерім әрбір күнтізбелік айға қолданылады. Күнтізбелік жыл үшін стандартты шегерімнің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 12 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

2) осы тармақшаны қолдану күніне мұндай адамның:

- Ұлы Отан соғысына қатысушы, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адам және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері;
- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адам;
- 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адам;
- I, II немесе III топтардағы мүгедек;
- мүгедек бала болып табылатыны негізінде күнтізбелік жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің 882 еселенген мөлшері.

Жеке тұлғаның осы тармақшаны қолдануға бірнеше негіздері болған жағдайда, кірістерді алып тастау осы тармақшада белгіленген кіріс шегінен аспауға тиіс;

3) осы тармақшаны қолдану күніне мұндай адамның:

- он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай мүгедек бала үшін – мүгедек баланың ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;
- өмір бойына әрбір осындай адам үшін – «бала кезінен мүгедек» деген себеппен мүгедек деп танылған адамның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;
- асырап алынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай адам үшін – бала асырап алушылардың бірі;
- жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде әрбір осындай адам үшін – жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасына қабылдап алған ата-аналардың бірі болып табылатыны негізінде күнтізбелік жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің 882 еселенген мөлшері.

Осы тармақшаның ережелері:

- қорғаншылыққа және қамқоршылыққа мұқтаж адамдардың қорғаншылары және қамқоршылары болып табылатын тиісті білім беру ұйымдары, медициналық ұйымдар, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары әкімшіліктерінің жұмыскерлеріне қатысты олардың осындай ұйымдарымен еңбек қатынастарында болуына байланысты;

- Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасына сәйкес асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеге тұратын (ерлі-зайыптылықта болатын) адамдарға қатысты қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген стандартты шегерімдер осы салықтық шегерімдерді қолдану үшін негіз туындаған, бар немесе болған күнтізбелік жылда қолданылады.

№ 24 сұрақ

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде кімге квота беріледі?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

5) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін;

7) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін;

8) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін;

9) бала кезінен мүгедек балаларды, I, II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін қабылдау квотасы көзделеді.

Осылайша, оқуға түскен кезде квота алу үшін жоғарыда аталған негіздердің бірінің болуы жеткілікті.

№ 25 сұрақ

Білім беру ұйымдарында мүгедектер үшін тегін ақпараттық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау керек пе?

Жауап

Қазақстан Республикасының «Білім



туралы» Заңының 47-бабының 3-тармағына 7-тармақшасына сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуге құқығы бар.

Менің ойымша, жоғарыда көрсетілген тармақшаға сүйене отырып, білім беру ұйымы мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға жағдай жасауға міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған жоба шеңберінде өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылармен жұмыс істеу барысында олардың өз құқықтарын және мүдделерін қорғау үшін «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесін, eGov.kz электронды үкімет порталын, Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезесін, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің атқарушылық іс-жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолдану сауаттылығының төмен екендігі анықталды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі топтарының құқықтық және цифрлық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау қажет.

Әдістемелік құрал анықтамалық түріндегі ақпарат көзі болып табылады, ол ұсынымдық сипатқа ие және орындау үшін міндетті заңды құжат болып табылмайды.

Құқықтық қатынастарға қатысты әрбір қиын өмірлік жағдай жеке дербес сипатқа ие болуы мүмкін екендігін айта отырып, туындаған проблемаға байланысты заңнама жеке қолданылатындығын ескертеміз.

Сұрақтарға жауап дайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылды, сондай-ақ кейбір жауаптарда автордың жеке пікірі бар.

Дереккөздері:

<https://adilet.gov.kz/>

<https://egov.kz/>

МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ

(юридические вопросы и ответы для семей,
оказавшихся в трудной жизненной ситуации)



Нур-Султан, 2021

Составители:

Шкретун Михаил Сергеевич – юрист, юридический консультант, член палаты Казахстанских юридических консультантов, член союза юристов Казахстана.

Семененко Наталья Николаевна – психолог высшей категории, член рабочей группы по актуализации Концепции семейной политики в РК.

Полякова Варвара Викторовна – психолог, координатор проекта «Разработка и реализация комплекса мер по поддержке семей с детьми, находящихся в трудной жизненной ситуации».

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	28
1. НОРМАТИВНАЯ ПРАВОВАЯ БАЗА, РЕГУЛИРУЮЩАЯ ОТНОШЕНИЯ СЕМЕЙ, ОКАЗАВШИХСЯ В ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ	29
2. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ	31
3. ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ	33
ЗАКЛЮЧЕНИЕ	47

ВВЕДЕНИЕ

Методическое пособие предназначено для семей, которые оказались в трудной жизненной ситуации и нуждаются в получении юридической помощи, которая позволит найти ответы в рамках законодательства Республики Казахстан по социальному обеспечению и решению жилищных вопросов, по трудовой деятельности, по семейным отношениям, по алиментам и другим вопросам юридического характера.

